



**Қуат беру блогын  
DEERCOOL  
Пайдаланушы  
нұсқаулығы**

Жүйелік блоктың қуат беру блогы желілік кернеуді түрлендіру арқылы ДК-нің барлық компоненттерін электр энергиясымен қуаттандыруға арналған. Қуат бер блогының тұрақтылығы мен жоғары өнімділігін қамтамасыз ету, сондай-ақ оның қызмет ету мерзімін ұзарту үшін келесі нұсқауларды орындаңыз.

## Маңызды ұсыныстар:

- Жарақат алмау үшін қуат беру блогының корпусын бөлшектемеңіз.
- Компьютерді электр жылытқыштары мен жылыту радиаторлары сияқты қыздырғыш аспаптардың, сондай-ақ магнит өрісін (индукциялық пештер мен АЖЖ пештер) тудыруы мүмкін жабдыққа жақын орналастырмаңыз.
- Компьютерді ашық ауада, ылғалды, шаңды жерлерде, сондай-ақ жиі дірілге ұшырайтын жерлерде орнатпаңыз.
- Компьютерді күн сәулелерінің әсеріне ұшыратпаңыз.
- Компьютерге кедергісіз ауа ағынын қамтамасыз етіңіз. Тиісті жылу шығару құрылғының қызмет ету мерзімін ұзартуы мүмкін.
- Жерге тұйықталған розеткаларды (қабырғаға) және айнымалы ток қуат кабельдерін пайдаланыңыз.
- Компьютерді пайдалану кезінде шаңды үнемі сүртіп отырыңыз.
- Құрылғыны қуатты жабдық қосылған желіге қоспаңыз (мысалы, ауа баптағыш, электр жылытқышы, лазерлік принтер және қуатты аудио аппарат). Бұл тарату қалқанында қорғаныстың іске қосылу ықтималдығын азайтады.
- Қуат беру блогын қосу үшін стандартты қуат кабельдерін пайдаланыңыз.
- Қуат үшін басқа таңбалар мен үлгілердің модульдік кабельдерін пайдалану аппараттық құралдың зақымдануына алып келуі мүмкін.
- Құрылғыны орнату тәсілі осы нұсқаулықта сипатталған.
- Құрылғыны қаптамада, өндірушінің және тұтынушының жылытылатын үй-жайларында ауаның 5°C және 40°C аралығындағы температурада және ауаның 80%-дан аспайтын салыстырмалы ылғалдылығында сақтау керек. Үй-жайларда коррозия тудыратын агрессивті қоспалар (қышқыл булары, сілтілер) болмауы тиіс.
- Құрылғының тасымалдануы құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.

- Құрылғыны сату РФ қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Бұйымның қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны қарапайым тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына, ол федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес әрі қарай қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін тиісті электрлік және электрондық жабдықтарды қабылдау пунктінде кәдеге жаратылуға өткізілуі тиіс. Осы өнімнің дұрыс кәдеге жаратылуын қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды сақтауға және тиісті түрде пайдаланбаған жағдайда туындауы мүмкін қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиян келтірудің алдын-алуға көмектесесіз. Осы өнімді қабылдайтын пункттер мен оны кәдеге жарату туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдарда немесе тұрмыстық қоқысты шығару бойынша кәсіпорында алуға болады.
- Аспаптың ақаулығы анықталғанда авторизацияланған сервистік орталыққа дереу жүгіну немесе аспапты кәдеге жарату қажет.

## Шығыс параметрлері

Өнімнің қаптамасындағы немесе төлқұжат тақтайшасындағы параметрлерін тексеріңіз.

## Ағытпалар



Аналық тақша  
(24 түйіспелі)



EPS ATX12V  
(4+4 түйіспе)



PIC-E  
(6+2 түйіспе)



SATA



Шеткері  
құрылғы  
(үлкен  
4 түйіспелі)



FDD  
(кіші 4  
түйіспелі)

- **Аналық тақша (24 түйіспелі)**  
Оны АТХ/ЕЕВ/СЕ серверінің/жұмыс станциясының аналық тақшасының 24Р ағыптасына қосыңыз.
- **EPS АТХ12V (4+4) 8-түйіспелі**  
CPU-ға орталық процессордың жанындағы 8 түйіспелі немесе 4 түйіспелі ағытпаны қосыңыз. PCI-E(6+2) ағытпасын қате қосу қысқа тұйықталуға немесе тіпті құрылғының өртенуіне әкелуі мүмкін.
- **PCI-E 6+2-түйіспелі**  
(6+2)-түйіспелі PCI-E8 тек 8 (6+2)-түйіспелі PCI-E немесе 6-түйіспелі PCI-E қосу үшін пайдалануға болады. CPU 8 ағытпасына қате қосу қысқа тұйықталуға немесе тіпті құрылғының өртенуіне әкелуі мүмкін.
- **SATA**  
SATA интерфейсі — бұл жарық жолақтары мен қатты дискілерді, SSD дискілерін және кейбір SATA интерфейстерін жарықтандыруға арналған арнайы қуат беру блогының интерфейсі.
- **Шеткері құрылғы (үлкен 4 түйіспелі)**  
IDE/SCSI/SAS дискілері, кейбір AGP тақшалары және тиісті ағытпасы бар басқа құрылғылар үшін арнайы қуат беру блогының интерфейсі.
- **FDD (кіші 4 түйіспелі)**  
Иілгіш дисктердің жетегіне және кейбір дыбыстық тақшаларға арналған қуат беру блогының интерфейсі.

## Қуат беру блогын орнату

1. Қуат беру блогының 24Р интерфейсін аналық тақшаға қосыңыз;
2. Орталық процессордың қуат беру интерфейсін (4-түйіспелі/8-түйіспелі) аналық тақшаға қосыңыз;
3. Графикалық тақшаның қуат беру блогының интерфейсін графикалық тақшаға қосыңыз;
4. Басқа құрылғылардың қуат беру блогының интерфейстерін, соның ішінде орталық процессор желдеткішін, USB, IO кабельді, компьютер корпусының желдеткіш кабелін және т.б. қосыңыз;
5. Басқа аппараттық жабдықтың сенімді орнатылғанына көз жеткізіңіз;
6. Қуат беру кабелін қуат беру блогына және розеткаға қосып, компьютер қуатын қосыңыз;

7. Желдеткіштің алдында кабельдерді алып тастап, компьютер корпусының бүйір панелін жабыңыз;
8. Қуат беру ауыстырып-қосқышын ON күйіне ауыстырыңыз, содан кейін компьютерді қосыңыз.

## **Қорғаныс, сенімділік және қауіпсіздік**

Біздің қуат беру блогымыз дұрыс жұмыс пайдаланбау нәтижесінде аппараттық қамтаманың зақымдануын болдырмайтын көптеген қорғаныс шараларын қамтамасыз етеді. Қуат қосылғаннан кейін, егер желдеткіш тоқтағанға дейін қысқа уақыт жұмыс істесе, қысқа тұйықталудан қорғаныс іске қосылуы ықтимал. Кабельдің дұрыс қосылғанына көз жеткізіңіз. Компьютерге үнемі қызмет көрсетіңіз және жақсы пайдалану жағдайларын қамтамасыз етіңіз. Шаңның жиналуы тек денсаулыққа зиянды ғана емес, сонымен қатар жылуды кетіруге әсер етеді, шуды арттырады және аппараттық қамтаманың қызмет ету мерзімін азайтады. RESET түймесін басудан басқа, компьютерді келесі тәсілмен қайта іске қосуға болады.

1. Қуат ауыстырып-қосқышын «O» күйіне ауыстырыңыз немесе ашаны розеткадан суырыңыз немесе қуат беру кабелін ағытпадан суырыңыз;
2. Тұйықталу нүктесін анықтау үшін қуат беру блогының немесе басқа жылу өткізгіштердің жылуын қолмен тексеріңіз;
3. Қуат беру блогы салқындағанша, бірнеше минут күтіңіз;
4. Қуат беру кабелін айнымалы ток ағытпасына және розеткасына қайта қосыңыз;
5. I/O ауыстырып-қосқышын «I» күйіне ауыстырыңыз және компьютерді қайта іске қосыңыз;
6. Жабдықтың қалыпты режимде жұмыс істейтініне көз жеткізіңіз;
7. Егер компьютер іске қосылмаса, проблеманың туындау себебі болуы мүмкін компонентті өндірушіге жүгініңіз (мысалы, аналық тақша, орталық процессор, графикалық тақша немесе қуат беру блогы).

# Техникалық сипаттамалары

Үлгісі	DQ-650-M-V2L	DQ750-M-V2L/ DQ750-M-V2L WH	DQ-850-M-V2L	DQ650-M	DQ750-M	DQ850-M
Тип						
Қуат	650Вт	750Вт	850Вт	650Вт	750Вт	850Вт
Өлшемдері	150 X 160X 86 мм (Е x Ғ x Б)					
80PLUS сертификаты	GOLD					
Кіріс кернеуі	100-240 В					
Кіріс тогы	10.0А/5.0А		12.0А/6.0А	10.0А/5.0А		12.0А/6.0А
Жілік диапазоны						
Желдеткіш өлшемі						
Қуат коэффициентін түзеткіш						
«Қуат беру қалыпты» сигналы						
Ұстау уақыты	>16ms (>80 % жүктеу кезінде)					
Тиімділік	20% жүктеу кезінде >87% 50% жүктеу кезінде >90% 100% жүктеу кезінде >87%					
Қорғаныс	OVP/UVP/OCР/SCP/OPP/OTР			OVP/UVP/SCP/OPP		
Жұмыс температурасы						
Бас тартуға атқарымның орташа уақыты						
Кепілдік	10 жыл					

DQ750ST	DA500	DA600	DA700	DA600-M	DN350	DN400
ATX 12V V2.31						
750Вт	500Вт	600Вт	700Вт	600Вт	350Вт	400Вт
150 X 140 X 86 мм (Е x Ұ x Б)						
	BRONZE				80PLUS 230V EU	
					200-240 В	
10.0A/5.0A	8.0A/4.0A	9.0A/4.5A	10.0A/5.0A	9.0A/4.5A	3.0A	
47-63 Гц						
120 мм						
Белсенді						
100-500 мс						
>16 мс						
	20% жүктеу кезінде >82% 50% жүктеу кезінде >85% 100% жүктеу кезінде >82%				20% 230В жүктеу кезінде >82% 50% 230В жүктеу кезінде >85% 100% 230В жүктеу кезінде >82%	
0-40 °C						
100,000 сағ						
10 жыл	5 жыл					

# Техникалық сипаттамалары

Үлгісі	DN450	DN500	DN550	DN650	DE500	DE600
Тип	ATX 12V V2.31					
Қуат	450Вт	500Вт	550Вт	650Вт	Макс 500Вт	Макс. 600Вт
Өлшемдері	150 X 140 X 86 мм (Е x Ұ x Б)					
80PLUS сертификаты	80PLUS 230V EU					
Кіріс кернеуі	200-240 В				230 В	
Кіріс тогы	3.5А	4.0А		5.0А	4.0А	
Жиілік диапазоны	47-63 Гц					
Желдеткіш өлшемі	120 мм					
Қуат коэффициентін түзеткіш	Белсенді					
«Қуат беру қалыпты» сигналы	100-500 мс					
Ұстау уақыты	>16 мс					
Тиімділік	20% 230В жүктеу кезінде >82% 50% 230В жүктеу кезінде >85% 100% 230В жүктеу кезінде >82%				100% жүктеу кезінде >82%	
Қорғаныс	OVP/UVP/SCP/OPP					
Жұмыс температурасы	0-40 °С					
Бас тартуға атқарымның орташа уақыты	100,000 сағ					
Кепілдік	5 жыл				3 жыл	



## Кепілдік

DEERCOOL DE сериялы қуат беру блоктарына 3 жылдық кепілдік, DN/DA сериялы қуат беру блоктарына 5 жылдық кепілдік және сатып алу күнінен бастап DQ сериялы қуат беру блоктарына 10 жылдық кепілдік ұсынады. Толық мәлімет алу үшін жергілікті жеткізушіге жүгініңіз немесе біздің ресми веб-сайтымызға өтіңіз. Бұл өнімді тек компьютерлер үшін пайдалану керек. Оны басқа мақсаттарда пайдалану кепілдіктің жойылуына алып келеді. Егер сіз компьютерлік аппараттық құралмен таныс болмасаңыз, кәсіби көмекке жүгініңіз.

Бұл кепілдік тек қалыпты пайдалану нәтижесінде пайда болатын зақымдарға қолданылады. Егер өзгерістер енгізу, дұрыс пайдаланбау, немқұрайдылық, интерфейстерді дұрыс қоспау, ластанған ауа/су, апаттар немесе дүлей апаттар сияқты адамның әсерінен зақым келтірілген болса, бұл кепілдік жарамсыз болады.

Егер сізде сұрақтар туындаса немесе қолдаудың басқа түрлері қажет болса, DEERCOOL-ға жүгінуіңізді өтінеміз.

DEERCOOL ресми веб-сайты: [www.deercool.com](http://www.deercool.com)

Кепілдікті қызмет көрсету бөлімінің эл. поштасы:  
[support05@deercool.com](mailto:support05@deercool.com)

## Қосымша ақпарат

**Өндіруші:** Бэйцзин Дипкул Индастриз Ко., Лтд.  
10-ғим, 9-аула, Дицинь тас жолы, Хайдянь ауд., Бейжің, Қытай.  
Қытайда жасалған.

**Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:**  
ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нұр-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа,  
зд. 12, Казахстан.

**Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:**  
«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы,  
Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Тауар Кеден одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:

- «Техникалық құралдардың электрмагниттік үйлесімділігі» КО ТР 020/2011;
- «Төмен вольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» КО ТР 004/2011.

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың «Электртехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» ЕАЭО ТР 037/2016 техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Нақты өнім мен керек-жарақтар осы нұсқаулықта көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін. Баспа олқылықтары мен қателері алынып тасталған. Жеткізу мазмұны әртүрлі елдерде немесе жерлерде әртүрлі болуы мүмкін. Кейбір сауда белгілері басқа тұлғалардың меншігі ретінде мәлімделуі мүмкін. DEERCOOL алдын-ала жазбаша рұқсатынсыз кез-келген жаңғыртуға қатаң тыйым салынады.

Шығарылған күні құрылғының артқы жағындағы сериялық нөмірдің сандарында көрсетілген.

Осы тауардың нақты импорттаушысы қаптамада көрсетілген.